





Тараз қаласы әкімдігінің қолдауымен шаһардағы саябақтарда сан түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды. Олардың басым көпшілігі Халықаралық балаларды қорғау күніне орай өткізілді. Атап айтқанда, Бауыржан Момышұлы атындағы «Женіс» сабағында ұйымдастырылған «Біздің балалық шақтың жазушылары» атты кітап көрмесінің өтуіне Гани Мұратбаев атындағы Тараз қалалық кітапханасының ұжымы мұрындық болды. Аталған кітапхананың меңгерушісі Жаңағұл Ахумбекованың айтуынша, көрмеге балаларға арналған ертегі кітаптар, халық ауыз әдебиетінің үлгілері, балалар тақырыбына жазатын Жаңағұл Қалжанованың «Үй жануарлары», «Құстар» атты еңбектері, Еркек Өтегісұлының «Ойыншықтар әліппесі», Мирас Кесеебаевтың «Жылдам оқы» жинағы, «Жыл он екі ай» журналы қойылтыпты. Бұл күні әлем классиктерінің шығармалары да ұмыт қалмағаны куаңтып. Мәселен, көрмеге қойылған Мейзи Хитчинс, Холли Вебб, Марк Твеннің кітаптары да жас оқырмандардың назарын аударатыны анық.

Аталмыш сабаққа жиналған жұртшылық Тараз қаласындағы «Аспара» мәнерлік өндіріс және бизнес колледжінің оқытушылары мен студенттерінің қолынан шыққан көлөнер бұйымдары, киізден жасалған киімдер, қазақи нақыштағы көптеген өнер туындыларына да қызыға тамашалап жабыт. Тігінші, дизайнгер Руслан Молдабаев мұндай көрменің балаларға берер әсері мол екенін айтады. Тараз қаласы әкімінің дене шынықтыру және спорт

бөлімі ұйымдастырған спорттық іс-шараларға да тұрғындар ерекше атсалысты. Әсіресе ләңгі тебумен өткен жарыста Ғалымжан Орманов барлық қарсыласынан айласын асырып, өзінің шын мықты екенін дәлелдесе, Асуат туысынан Ерлан Дастан мен Нурлы Тілеумұрат жеңістің ең биік тұғырынан көріне білді. Арқан тарту бөсекесі де аса қызықты, тартысты жағдайда өткенін де айта кеткен жөн. Осылайша, бұл күні ұлттық спорт түрлері де ұлылықтып жатты.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті саябағында «Сәлілар дауысы» атты концерттік бағдарлама, «Біз бақытты баламыз» атты сурет салу байқауы ұйымдастырылды. Мұнда да тараздық оқушылар байқауға белсенді түрде қатысып, мөре-сөре күйі кешіп, қуанышқа бөленді. «Төрткүл» кешіненде өткізілген «Бақытты балалық шақ!» концерттік бағдарламасы, «Көне Тараз» тарихи этномәдени кешінің амфитеатрында ұйымдастырылған «Балалар – біздің бақытымыз» атты концерт көпшіліктің көңіліне шаттық сезімін сыйлады. Арбаптағы музыкалық кештің де бүлдіршін балалардың көңілін көтергені ақиқат. Аталған іс-шаралар тараздық балаларға жөне қала қонақтарына тамаша демалыс, жоғары көңіл-күй сыйлағанын да айта кеткен жөн. Қысқасы, Халықаралық балаларды қорғау күніне орай өткізілген барлық іс-шаралар жоғары деңгейде ұйымдастырылғанымен есте қалды. Бұл күні бүлдіршіндердің жүзінен шаттықтың табы айқын сезіліп тұрды.

Тараз қаласы.



Батыр жекпе-жекке шыккан беттен-ак спортшылардың сезімен айғасқ, «жаныш» кеткендігі болды. Қарсыласын ұрып қлатуға ниеттінді. Алғашқы екі раундта ойдағыдай жудырықтастықпен, әрмен қарай Матиастың мықтылығы байқала бастады. Ол Батырдың ауыр соққыларын көтере білп қана қоймай, өзінің бойы мен қолының ұзындығын ұтымды пайдаланып, жойқын соққыларын дарыта түсті. Нәтижесінде ол Батырды төртінші ұш минуттықта бір мәрте нокдаунға жіберіп алды. Бұдан кейінгі раундтарда ол Батырдың бір соққысына екі-үш мығым соққыммен жауап беріп, Жүкембаевты бұрыштан-бұрышқа тигумен айналысты. Кездесудің сегізінші раунды аяқталған соң Батырдың бапкерлері шайқастан бас тартты. Бұл өте дұрыс шешім еді. Өйткені Жүкембаевқа дейін өткізген 17 кездесуінің 16-сында жеңіс тойын тойлап, он алты қарсыласын мерзімінен бұрын ұтқан Сәбіззілдин сойқан соққылары Жүкембаевтың демеушілығына зиян тигізуі әлден мүмкін болатын.

Ию, IBF үйымдастырган «төрттүк» турниринде Батыр осылайша сәтсиздікке ұшырады. Ал бұл деңгейге жету үшін талмай тер төгіп еді. Жакын тұрған арман алыстай түсті. Матиясты жеңіп, тағы бір кездесуде карсыласынан айласын асырағанда әлем чемпионы атағына таласар еді ғой. Ама! нешүк... Бірақ Батырдың бойында батырға тән қайсарлық бар. Ол қайта оралып, өзін дәлелдеуге тырысады дегенге сенгіміз келеді. Өйткені IBF-тен басқа да тұжырымдар бар ғой. Бәлкім өзге үйымдардың рейтингінде үздіктер қатарынан көрініп, әлем чемпионы атағына таласу талатынын шығар. Ең бастысы, Батыр бұл кездесуден сабақ шығарса дейміз.



Асар – қазақтың ежелгі дәстүрі, оның басты мақсаты –көмек күткен ағайынға қол ұшын созу. Өңір басшысы Бердібек Сапарбаевтың бастамасымен бұл игі дәстүрді жамбылдықтар қайта жаңғыртып, мұқтаж отбасыларға арнап үйлер салып беруде.

Осы орайда, Сарысу аудандық әкімдігінің ұйымдастыруымен және ауылдағы азаматтардың қолдауымен «Асарлатып үй салу» жобасы жалғасын табады. Жуырда аудан әкімі Марат Сұлтанғалиев осы мақсатта жүргізіліп жатқан құрылыс жұмыстарымен

Ағымдағы жылы Сарысу ауданының орталығы Жаңатас қаласында және Саудакент, Жайылма, Ұйым, Ө.Бүркітбаев, Досбол, Тогызкент, Ұ. Сыздыкбайұлы, Ігілік ауылдарында әлеуметтік осал топқа жататын отбасыларға ауыл тұрғындарының және демеушілердің есебінен жанадан 5 жеке тұрғын үй бой көтеріп, 4 баспана күрделі жөнделуден өтеді.

Бұл тұрғыда Игілік немесе Өндіріс ауылында бір үйдің шатыры толық орнатылып беріледі деп күтілуде. Игілік ауылдық округінің жаңадан тағайындалған әкімі Ж.Жанайдаров та бұл іске өз үлесін қоспақ.

Осындай игі іске тек басшылар ғана емес, жаңадан сайланған аудандық мәслихаттың 12 депутаты да қатысуға құлшыныс танытып отыр. Халық қалаушылары әр үйге бекітіліп, құрылыс жұмыстарының басы-қасында болмақ.


Дариха ҲМБЕТИЯРОВА,
журналист.

Сарысу ауданы.

Сарысу ауданы.



Қазақ жерінде жазу-сызу өнері сақ дәуірінен бастап пайда болған деген деректер бар. 1960 жылы Ертіс өзенінің оң қанатынан табылған б.з.д. V-IV ғасырларға жататын сақ дәуірінің марал сүйегінен жасалған тұмарда жазу болған. Оны ғалым Алтай Аманжолов оңнан солға қарай «Ақ сықын» - «Ақ марал» деп оқыған көрінеді. Мұның өзі көп жайттардан хабар берсе керек.



1970 жылы Есік қаласының түбінен табылған «Алтын адамның» қабірінен жазуы бар күміс тостаған шықты. Тостағанының сыртында екі жолға жазылған 26 таңба бар. Олар бір-біріне қайылып кеткен руникалық жазбаларына ұқсас, екішіден, Жерорта теңізі төңірегіндегі көне алфавиттік таңбаларға, әсіресе грек, арамей әріптеріне ұқсайды екен. Оны да Алтай Аманжолов көне түркі тілі шықсы онын солға қарай оқыған деседі. Жазуағы сөздер «Аға, саған бұл ома! Жат адамы тізенді бұк! Урпағымызда ас-су мол болгай!» деген мағыналарды береді. Зерттеушінің пікірінше, бұл сак дәуірінен түркі тілінде жазылған, яғни бұдан 2500 жыл бұрын түркі тілдес сак тайпалары әліпби бойынша жазуды білген.

Көне түркілер алғашқы әріп жазуының бір түрі руналық жазуды ойлап тапқан және пайдаланған. Көне түркі руналық жазуы Қазақстанда Талас, Ертіс, Сір, Іле өзендерінің маңынан табылған. Бұл жазуларды алғашымен зерттеп, оларды оқудың «кілтін» тапқан Дания зерттеушісі Вильгельм Томсенес деседі деректер. Осы көне түркі жазуларының сыртқы нобайы жағынан Скандинавияның руналарына ұқсастып, бұл жазуларды да руналық, яғни «құпия жазу» деп атап кеткен екен. Ең алғаш табылып зерттелген түркілік жазуы ескерткіштері Білге қағанға, Күлтегінге қойылған құлпытастардағы жазу секілді. Көне түркі руна жазулары қашау әдісімен тасқа, түрлі бұйымдарға ойып, сызып жазылған. Руналық жазбада 35 әріп бар. Жазу оннан солға қарай оқылды. Түркі жазбаларының Тоньөк ескерткішіндегі жазулар да жаталды.

Түркілер өздері өмір сүрген кеңістіктің төрт бұрышын тек жаз жайлауы, қыс кыстауы, мал жағдайы үшін ғана біліп қоймай, өздерімен көрші жатқан мемлекеттермен байланыс, қарым-қатынас жасауда да, соғыс іс-әрекетінде де географиялық бағдарлауы жасай білген. V-IX ғасырларда түркілер

қоныстанған Алтай, Сібір, Орта және Орталық Азия жерінде жазу, сызу, әдебиет өнері, тарих ғылымдарының, діни сенімдердің сипатына Орхон жылнамасы мен Талас аңғарынан табылған ескерткіштер айғақ бола алатын көрінеді.

Бұл жазба деректермен қатар, ежелгі Тараз қалашығынан табылған ортағасырлық заттай деректердің бірі – сисясаут та түркі елінің өз жазуының болғандығын айқайтады. Бұл сисясаут қоладан жасалған, екі жағындағы ойықсына сия құйылбай, жазу үшін күштеу қауысқыры пайдаланған екен. Ғалымдардың пілмәуындашына, ортасындағы өрнек – сүзімзін лайымдін белгісі болуы мүмкін. Бір өрнектік мөр ретінде пайдалануы да ықтимал деседі. Яғни осы өрнекке қарағанда, Қарахан қанағатының 960 жылы ислам дінін қабылдағаннан кейін пайда болған ба деген де ой келеді. Ал шеттері кығалдақтың бейнесімен өрнектелінін өте қызық. Міне, осындай ждігерлер де сонау ерте заманда мәдениеттің ең озық үлгісінің бір жазуың болғандығын айқайтай түседі. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жалғасы саналатын «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласындағы: «Қазақстан – алма мен кығалдақтың Отаны» дегені жадмызды жаңғырып-ақ тұр. Асқар Алатауың баурайы алма мен кығалдақтың тарихи Отаны екені ғылыми тұрғыдан дәлелденген. Осы сөздің бір дәлелі – тағы бір заттай деректер болып табылатын орта ғасырға жататын кығалдақтың бейнесінде өрнектелген сисясаут. Осыдан-ақ тамыры тереңде жатқан төл тарихымызға басимей тұра алмаймыз. Бізге жеткен тарихи жазба деректер ортағасырлық кығалдақтың бейнесі бір сисясауттың арқасында жазылуы әбден мүмкін ғой.

**Әлия ОСПАНОВА,
«Ежелгі Тараз ескерткіштері»
мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-
музейінің бас қор сақтаушысы.**

